КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта, профессора Оренбургского государственного университета, доктора педагогических наук Кирьяковой Аиды Васильевны на диссертацию Б.Ж.Паридиновой «Развитие духовного мировоззрения будущих учителей посредством личностно-ориентированного обучения», представленную на соискание степени доктора PhD по образовательной программе 8D01101(6D010300) - Педагогика и психология

Диссертационное исследование Паридиновой Ботагоз Жаппаровны посвящено одной из значимых и актуальных проблем современной педагогической науки - развитию духовного мировоззрения будущих учителей на основе личностно-ориентированного обучения.

В работе данная проблема рассматривается с позиций современных методологических подходов и авторской концептуальной идеи. В диссертации логично и последовательно взаимосвязаны все элементы научного аппарата, направленные на изучение психолого-педагогических основ формирования духовного мировоззрения будущих педагогов средствами личностно-ориентированного обучения.

В результате проведенного исследования докторантом Паридиновой Ботагоз Жаппаровной получены следующие научные результаты:

1) дан научный анализ состоянию проблемы исследования в теории и практике образования как отечественной, так и зарубежной, и раскрыта педагогическая сущность понятий «духовное мировоззрение», «развитие духовного мировоззрения будущих учителей», «личностно-ориентированное обучение»;
2) определены критерии и показатели развития духовного мировоззрения будущих учителей посредством личностно-ориентированного обучения;
3) дано научное обоснование содержательным и методическим принципам личностно-ориентированного обучения и в связи с этим разработана структурно-содержательная модель развития духовного мировоззрения посредством методов личностно-ориентированного обучения;
4) экспериментально доказана эффективность предлагаемой докторантом методики применения личностно-ориентированного обучения для развития духовного мировоззрения студенттов.

В целом, полученные результаты характеризуются научной новизной различного уровня. Диссертационная работа Паридиновой Б.Ж. обладает выраженной практико-ориентированной направленностью, что подтверждается разработкой авторской методики, диагностического инструментария, содержанием элективного курса и другими прикладными материалами.

Достоверность и обоснованность полученных научных результатов обеспечиваются теоретико-методологическими позициями докторанта, логически выстроенным ходом исследовательского поиска,

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

аргументированностью выдвинутых теоретических положений и идей, положенных в основу формирования теории изучаемого явления, а также их практической апробацией в ходе опытно-экспериментальной работы.

Структурная организация диссертации, последовательность и логика изложения материала, а также доказательность ключевых положений позволяют сформировать целостное представление о системном характере решения поставленных исследовательских задач.

В процессе исследования и подготовки текста диссертации Ботагоз Жаппаровна неоднократно получала научные консультации у зарубежного консультанта в период ее научной стажировки с 21.10.2019 по 17.11.2019г. при Оренбургском государственном университете и в форме дистанционного онлайн общения. В период стажировки докторант Паридинова Б.Ж. прошла повышение квалификации в Оренбургском государственном университете по актуальным проблемам современного образования, участвовала в научно-методических мероприятиях кафедры, педагогического факультета ОГУ, общалась с научным сообществом университета, работала в библиотеке, под руководством зарубежного консультанта подготовила и опубликовала статью.

Основные выводы и заключение диссертации опубликованы в научных журналах как отечественных, так и стран СНГ, в международных научно-практических конференциях зарубежных стран, в научных журналах, включенных в перечень изданий для публикации решением Комитета по контролю в сфере образования и науки РК, также опубликованы в рейтинговых журналах, вошедших в международную базу Scopus, Web of Science.

В ходе работы над диссертацией Паридинова Ботагоз проявила себя сформировавшимся специалистом в области теории и практики профессионального образования. Она самостоятельно выполнила научное исследование, обладающее научной новизной, теоретической и практической значимостью и отвечающее требованиям, предъявляемым к докторским диссертациям, и заслуживает присуждения степени доктора PhD (философия) по образовательной программе 8D01101(6D010300) - Педагогика и психология.

Отзыв дан с целью прохождения Паридиновой Б.Ж. процедуры открытой защиты диссертации.

Зарубежный научный консультант:

А.В.Кирьякова,
доктор педагогических наук,
профессор
Оренбургского государственного
университета РФ

Подпись А.В. Кирьяковой
заверяю
Ведущий специалист по документационному
обеспечению управления
Соленко Н.В.

КЕЛЕСІ БЕТКЕ ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

«6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алу үшін ұсынылған Б.Ж. Паридинованың «Болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамыту» диссертациясы бойынша шетелдік ғылыми кеңесші, Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Аида Васильевна Кирьякованың

ПІКІРІ

Ботагоз Жаппаровна Паридинованың диссертациялық зерттеуі қазіргі заманғы педагогикалық ғылымның маңызды және өзекті мәселелерінің бірі болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытуға арналған.

Зерттеуде бұл мәселе заманауи әдіснамалық тәсілдер және автордың тұжырымдамалық идеясы ұстанымында қарастырылады. Диссертацияда болашақ педагогтардың рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін зерттеуге бағытталған ғылыми аппараттың барлық элементтері логикалық және дәйекті түрде өзара байланысқан.

Докторант Паридинова Ботагоз Жаппаровна жүргізген зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми нәтижелер алынды:

1) отандық және шетелдік білім беру теориясы мен тәжірибесіндегі зерттеу мәселесінің ахуалына ғылыми талдау жасалып, «рухани дүниетаным», «болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымының дамуы», «тұлғалық-бағдарлы оқыту» ұғымдарының педагогикалық мәні ашылды;

2) болашақ мұғалімдердің рухани дүниетанымын тұлғалық-бағдарлы оқыту арқылы дамытудың критерийлері мен көрсеткіштері анықталды;

3) тұлғалық-бағдарлы оқытудың мазмұндық және әдіснамалық қағидаларына ғылыми негіздеме берілді және осыған байланысты тұлғалық-бағдарлы оқыту әдістері арқылы рухани дүниетанымды дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

4) докторанттың студенттердің рухани дүниетанымын дамытудағы тұлғалық-бағдарлы оқытуды пайдалану бойынша ұсынған әдістемесінің тиімділігі эксперименталды түрде дәлелденді.

Жалпы алынған нәтижелер түрлі деңгейдегі ғылыми жаңалықпен сипатталады. Б.Ж. Паридинованың диссертациялық жұмысы айқын тәжірибеге бағытталған, бұл автор әдістемесі, диагностикалық құралдары, элективті курс мазмұны және басқа да қолданбалы материалдар әзірлемелерімен расталады.

Алынған ғылыми нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі докторанттың теориялық-әдіснамалық ұстанымдары, зерттеу ізденісінің логикалық құрылымдалған бағыты, зерттелетін құбылыс теориясының қалыптасуына негіз болатын теориялық қағидалары мен идеялардың дәлелдері, сондай-ақ оларды тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында практикалық апробациясымен қамтамасыз етіледі.

Диссертацияның құрылымдық ұйымдастырылуы, материалды ұсынудың реттілігі мен логикасы, сондай-ақ негізгі қағидалардың дәлелдері зерттеу

мәселелерін шешудің жүйелік сипатын біртұтас түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу процесі және диссертация мәтінін дайындауда Ботагөз Жаппаровна Орынбор мемлекеттік университетінде 21.10.2019 және 17.11.2019 аралығындағы ғылыми тағылымдамасы кезеңінде және қашықтықтан онлайн байланыс түрінде шетелдік кеңесшіден бірнеше рет ғылыми кеңес алды. Докторант Б.Ж. Паридинова тағылымдама барысында Орынбор мемлекеттік университетінде қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелері бойынша біліктілігін арттырды, кафедра және ОМУ педагогикалық факультетіндегі ғылыми-әдістемелік іс-шараларға қатысты, университеттің ғылыми қауымдастығымен араласты, кітапханада жұмыс істеді және шетелдік кеңесшінің басшылығымен мақала дайындап, жариялады.

Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындылары отандық және ТМД елдерінің ғылыми журналдарында, шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті шешімімен басылымдар тізіміне енгізілген ғылыми журналдарда, сондай-ақ халықаралық «Scopus», «Web of Science» дерекқорларына енетін рейтингтік журналдарда жарияланды.

Паридинова Ботагоз диссертациямен жұмысы барысында өзін кәсіби білім беру теориясы мен тәжірибесі саласында қалыптасқан маман ретінде көрсетті. Ол ғылыми жаңашыл, теориялық және тәжірибелік маңызы бар, докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетін және «6D010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша PhD дәрежесін алуға лайық ғылыми зерттеуді өз бетінше аяқтады.

Пікір Б.Ж. Паридинованың ашық диссертация қорғау рәсімінен өтуі үшін берілді.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

А.В. Кирякова /қолы/
Педагогика ғылымдарының докторы,
РФ Орынбор мемлекеттік университетінің профессоры

М.О. РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ФЕДЕРАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІК ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ
ОРЫНБОР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ (ОмУ)
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ БӨЛІМІ